# Сазды әлем – сырласым

**Әр мектептің өнерлі де талантты оқушылары бар. Сол сияқты біздің Мұхтар Әуезов атындағы № 5 жалпы орта мектебінде де, бойларын да өнер түнған оқушылар көптеп саналады. Жуырда Алматы қаласында 26 қазан мен 29 қазан аралығында «Ғұмырдария» орталығында Республикалық «Таланттарды іздейміз» атты байқау өтті.**



«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, № 5 орта мектебі атынан қатысқан оқушылар өз жас ерекшеліктері бойынша жүлделі орындарға ие болды. Айта кететін болсақ 2 сынып оқушысы Жанерке Испанова 2-ші дәрежелі дипломмен марапаталып, лауреат атанды. 5 А сыныбынан Айганым Абайдильдина 3-ші дәрежелі дипломмен марапаталып, дипломант атанды. 9 сыныбынан Айдана Әмірбек 3-ші дәрежелі дипломмен марапатталып, дипломант атанды.

Осы балаларға демеушілік көрсеткен мектеп әкімшілігіне, бірге барып, қолдау көрсеткен ата-аналарына Қаламқас Испанова пен Абайдильдина Назгүлге мектеп ұжымының атынан алғыс білдіреміз. Сонымен қатар осы оқушыларды кішкентайынан өнерге баулып, ыстығы мен суығына да төзіп жүрген музыка пәнінің мұғалімі Сейдағалиева Жамиға Ғалымқызына да алғысымыз зор.

Осы толағай жеңіс олардың тынымсыз ізденісінің жемісі деп білемін. Шәкірттеріміз болашақта қазақ өнерінің жарық жұлдыздары болатынына сенімім мол.

**Жанар ҚОҢҚАБАЕВА,**
**№ 5 орта мектептің тәрбие ісінің орынбасары.**